

ЖЕР ДАУЫ МЕН ОНЫҢ МӘРТЕБЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АҒЫМДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Р.М. Ахмаганбетов

АННОТАЦИЯ

Жер дауы ертеден өзекті конфликт түріне жатады. Қазақстанда түрлі деңгейдегі жер даулары орын алуда. Жер дауына байланысты түрлі көзқарастар бар. Аталған көзқарастардың туындауына көптеген алғышарттар бар. Зерттеу тақырыбында жердің мәртебесіне байланысты түрлі саяси-философиялық ағым өкілдерінің көзқарастары қарастырылды. Либералды ағым өкілдері жерді капитал ретінде қарайды. Жерді капитал ретінде қарайтын либералды ағым өкілдерінің еңбектеріне талдау жасалған. Ал социалистік ағым өкілдері жерді мемлекеттік меншік ретінде қарайды. Лениннің еңбектеріндегі жер дауын шешуге байланысты мәселелер қарастырылған. Постколониализм ағымының өкілдері жер дауының пайда болуы отарлаушы империялардың әсерімен түсіндіреді. Жер дауына байланысты Алаш зиялылардың ұстанымдарын қарастырылған. Жер дауын шешудегі социалистер мен Алаш зиялыларының көзқарастарындағы айырмашылықтарға талдау жасалған. Дәстүрлі қазақ қоғамында жерді құндылық ретінде қарайды. Оны капитал немесе меншік деген ұғымдарға келіспейді. Жерді қасиетті ұғым ретінде қарайды. Осындай түрлі көзқарастарға салыстырмалы талдау жасалған. Қазіргі таңдағы жер дауының туындауының тарихи алғышарттарына қарастырады.

Түйін сөздер: жер дауы, жер мәртебесі, капитал, құндылық, меншік, жеке меншік, мемлекеттік меншік, ұжымдық меншік, либерал, социалист, постколониализм, алаш зиялылары.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Р.М. Ахмаганбетов,
ruseke.kz@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Ахмаганбетов Р.М.
Жер дауы мен оның
мәртебесіне байланысты
саяси-философиялық
ағымдардың көзқарастары
// Адам әлемі. – 2021.
– No. 4 (90). – Б. 123-132.

Взгляды политико-философских течений, связанных с земельным конфликтом и его статусом

Аннотация. Земельный конфликт с давних времен относится к типу актуальных конфликтов. В Казахстане происходят земельные конфликты различного уровня. Существуют различные точки зрения, связанные с земельным конфликтом. Существует множество предпосылок для возникновения указанных взглядов. В исследовании были рассмотрены взгляды представителей различных политико-философских течений, связанных со статусом земли. Представители либерального течения рассматривают землю как капитал. Проведен анализ трудов представителей либерального течения, рассматривающего землю как капитал. Представители социалистического течения рассматривают землю как государственную собственность. В работах Ленина рассматриваются вопросы, связанные с разрешением земельного конфликта. Представители постколониализма объясняют возникновение

земного конфликта влиянием колониальных империй. В связи с земельным конфликтом рассмотрены позиции алашской интеллигенции. Между тем проведен анализ различий во взглядах социалистов и алашской интеллигенции в разрешении земельного конфликта. В традиционном казахском обществе земля рассматривается как ценность. Это не согласуется с понятиями капитал или собственность. Земля рассматривается как сакральное понятие. Проведен сравнительный анализ таких различных точек зрения. Рассматриваются исторические предпосылки возникновения земельного конфликта в настоящее время.

Ключевые слова: земельный конфликт, статус земли, капитал, ценность, собственность, частная собственность, государственная собственность, коллективная собственность, либерал, социалист, постколониализм, алашская интеллигенция.

Views of Political and Philosophical Trends Related to the Land Conflict and its Status

Abstract. The land conflict has long been a type of actual conflict. There are land conflicts of various levels in Kazakhstan. There are different points of view related to the land conflict. There are many prerequisites for the emergence of these views. The study examined the views of representatives of various political and philosophical trends related to the status of the earth. Representatives of the liberal trend consider land as capital. The analysis of the works of representatives of the liberal movement considering land as capital is carried out. Representatives of the socialist trend consider land as state property. Lenin's works deal with issues related to the resolution of the land conflict. Representatives of postcolonialism explain the emergence of the earthly conflict by the influence of colonial empires. In connection with the land conflict, the positions of the Alash intelligentsia are considered. Meanwhile, the analysis of differences in the views of socialists and the Alash intelligentsia in resolving the land conflict was carried out. In traditional Kazakh society, land is considered as a value. This is not consistent with the concepts of capital or property. The earth is considered as a sacred concept. A comparative analysis of such different points of view is carried out. The historical prerequisites for the emergence of a land conflict at the present time are considered.

Keywords: Land Conflict, Land Status, Capital, Value, Property, Private Property, State Property, Collective Property, Liberal, Socialist, Postcolonialism, Alash Intelligentsia.

Кіріспе

Жер дауы мәселесі өте ерте замандардан өзекті конфликт түріне жатады. Жер дауының туындауына көптеген факторлардың әсері мен оған деген көзқарастардың әртүрлілігі оның шешуіне түрлі әсерін тигізуде. Заманауи Қазақстанда да тәуелсіздікпен бірге жер дауы мәселесі қайтадан күн тәртібіне шықты. Жер дауы ХІХ ғасырдың екінші кезеңі мен ХХ ғасырдың бас кезеңінде өте өзекті мәселеге айналған еді. Алайда Кеңестік режимнің орнауы оның 70 жылғы созылған уақыт тұсында жер дауы мәселесі өзінің өзектілігін түпкілікті шешкендей болған еді. Соған қарамастан қайтадан капиталистік қатынастарға қайта оралу тұсында аталған мәселеге қайта оралдық. Жер дауының шығуына байланысты аталған тақырып жоғарғы билік институттарынан бастап, ғылыми-академиялық ортада, тіпті күнделікті

тұрмыстық деңгейде де жиі талқыға айналған тақырыпқа айналды.

Жер дауына қатысты көзқарастардың әртүрлілігі бізді аталған тақырыпқа байланысты саяси-философиялық ағымдардың көзқарастарың білуге итермелейді. Себебі, жердің жеке меншікке берілуі, жер тек мемлекеттік мүлік, жерді жалға беру, жерді шетелдіктерге сату немесе жалға беру дегеннің барлығы шын мәнінде саяси-философиялық, саяси-экономика сияқты түрлі ағымдардың көзқарастары негізінде туындаған еді. Қазақстандағы жер дауының туындауында тарихи өткен кезеңдер мен заманауи қалыптасқан заңдылықтардың да өзіндік әсері бар.

Зерттеу әдісі

Зерттеу жұмысында негізге алынған әдістердер: салыстырмалы талдау және тарихи талдау. Либералды бағыт өкілдері мен социалистердің

арасындағы жер мәселесіне байланысты түрлі көзқарастарға салыстырмалы талдауды арқылы конфликтті тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Постколониализм өкілдерінің басқа саяси-философиялық ағым өкілдерін қарсы тараптағы көзқарастарының айырмасы тұстары мен ұстанымдарындағы ерекшеліктерін салыстырмалы талдау негізінде анықтауға мүмкіндік береді.

Жер дауының туындауына түрлі саяси-философиялық ағым өкілдерінің көзқарастарының ұстанымдары белгілі тарихи кезеңге байланысты. Кез келген пікір мен ұстанымдар өзінің өмір сүру тарихи кезеңіне тәуелді және тарихи уақыттың еншісімен қалыптасқан ұстанымдарды заманауи жағдайдағы заңдылықтардың өз ықпалын тигізеді. Нәтижесінде жер дауы мен оған деген жаңа көзқарастардың туындауына алып келеді. Бұл тұрғыдан тарихи талдау әдісінің негізінде жер дауының әлеуеті мен оның даму тенденциясына бағалау жасауға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Жер дауы жалпы ғылымдағы орының анықтауда бірнеше түрлі көзқарастарға жолығамыз. Жер дауы туралы сөз қозғалғанда көпшілік негізінен территориялық дау, яғни шекара мәселесі деп түсінеді. Жер дауын зерттеушілер кей жағдайда шекаралық мәселелерді қоса түсіндіреді. Бұл бір. Екінші пікірде жер дауы белгілі бір мемлекеттің ішінде шешімін таппай жатқан жер мәселесіне қатысты сұрақтарды қамтиды дейді. Жер дауын көбіне зерттеушілер Азия, Африка және Латын Америкасы елдері мысалында қарастыруда. Жер дауы белгілі бір мемлекеттің ішіндегі мәселе ретінде қарауда оның өзі бірнеше бағыттарды қамтиды. Қалалану барысындағы жер дауы мәселелері. Бұларға жерді өздігінен тұрғындардың немесе көшіп келушілердің басып алу жағдайы немесе жалпы қалалану кезінде туындаған жер дауы. Жер дауының тағы бір бағыты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер. Өндірістік мақсаттағы жерлер сияқты бағыттарды құрайды. Қарастырылып

отырған мәселелерді жер құқығы деген құқықтанудың арнайы бағыты зерделейді. Ал мұны қаншалықты конфликтология тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі қанша деген заңды сауал туындауы мүмкін. Жер дауын шешудегі құқық жағы өте керек нәрсе. Алайда тәжірибеде көрсетіп өткендей жер дауы тек құқықтық жақтан шешілмейтін көрсетіп отыр. Себебі, жер дауы орын алғанда оған қатысушы тараптарда түрлі эмоциялы көңіл күй орын алады. Тіпті жер дауына қатысты ақпараттар қазіргі кезде интернет кеңістікте өте тез қарғынмен тарауын байқап отырмыз. Демек бұл тұрғыдан алған жер дауының негізгі себептерінің тек тараптардың ұстанымынан бөлек, оның түпкі алғышарттарының біріне құндылықтық жақтары мен оған деген қатынастан пайда болған көзқарастар және де өткен уақыт пен замана қалыптастырған заңдылықтардың өз әсерін тигізуде.

Қазақстанда бүгінгі күнде жер дауына байланысты көптеген мәселелер бар. Соның бірі жерге жеке меншік берілу керек пе, керек емес пе деген дилемма тұр. Бұл дилемма капиталистік заңдылықтардың шығып тұр. Бірақ оған қарсы пікірлердің бірі социалистік ұстанымда мемлекет меншігі қағидасы. Қазақстанның 70 жыл қоғамдық қатынастары социалистік қағидалар мен құндылықтарға негізделген формада өтті. Оның да қоғамдық санада қалған өз ізі бар. Бұл тұрғыдан алғанда жер дауының бастауларының бірі оған деген қатынастардың қалыптасуындағы саяси-философиялық мен саяси-экономика және т.б. басқа ағымдардың пікірлерінен бастау алуында.

Либералды ағымның өкілі Ш.Л. Монтескье жер мәселесінің факторлары ерте дәуірлер мысалынан бастап қарастырады.

Плутарх бізге: «Афиныда Килон көтерілісі басылғаннан кейін, қала өзінің бұрынғы жанжалдарына қайтып оралды және Атикада қанша түрлі жер болса, сонша партияға бөлінді. Таулықтар қайткен күнде де халық билігінің болуын қалады; жазық жерлердің тұрғындары ақсүйектердің билік етуін талап етті, ал теңіздің маңында тұратындар алғашқы

екеуінің биліктерінің қосындысынан тұратын билік үшін болысты», - дейді [1, 315 б.].

Ш.Л. Монтескье елдің дамуына табиғат факторы мен оған бейімделген адамның ерекшеліктеріне көп мән берген. Жер дауының туындауын қатысты факторлық жағына баса назар аударады. Бұған мысалды, Ш.Л. Монтескьенің келесі бір түсінідіруіне байқаймыз.

Елдегі жер өндеудің дамуы оның құнарлығына емес, сол жердің бостандығына байланысты. Егер біз ойымызда жерді бөлетін болсақ – таң қаламыз, өйткені құнарлы аудандар көбіне қаңырап қалған, адамы жоқ жерлерге айналған, ал құнарсыз болып көрінетін жерлерде, керісінше халықтың өте өкп қоныстанғандығын байқаймыз.

Халықтың жақсы елді іздеу барысында нашарын тастайтындығы орынды, бірақ ол ешқашан нашар жер іздеп, жақсысын тастамайды. Сондықтан шапқыншылықтарға көбінесе табиғатынан бақытты өмір сүру үшін құрылған елдер ұшырайды. Шапқыншылқа күл-талқаны шығып, ойрандауыннан жақын еш нәрсе болмағандықтан, ойрандауға көбінесе шұрайлы жерлер ұшырайды [1, 316-317 бб.].

Ш.Л. Монтескье жер дауын шешудің екі түрлі әдісі бар екен атап көрсетеді.

Жерді бөлу – азаматтық заңдар жиынтығының көлемінің толықтырылуына басты себеп, міне, осы. Жерді бөлуі жоқ халықтардың азаматтық құқығы да аз болады. Бұл халықтардың реттеуші мекемелерін заң деуден гөрі «әдеп-ұрып» деп атауға болады [1, 322 б.].

Ш.Л. Монтескье либералды бағыт өкіл болғанына қарамастан жердің жеке меншігі сияқты мәселелерді тікелей сөз ете бермейді. Жер капитал ма, әлде қоғамдық меншік пе сияқты сұрақтарды либералды бағытты қолдаушы саяси-экономика өкілерінен кездестіреміз.

Хендрей (Генрих) Карлович Шторхтың «Саяси экономия курсы немесе халық игілігіне себепші болатын бастауларды баяндау» атты еңбегінде Адам Смиттің «Халық байлығы теориясы» тұжырымдамасына түсініктеме жасайды. Адам Смитте либералды ағымның өкіліне жатады.

Меншік (жер Р.А.) иесі өз капиталын, мысалы, топырақты құрғату үшін суды бұрып, суландыру үшін арналар тартып, плантациялар, қоршаулар жүргізіп, ғимараттарды соға отырып, жерді жақсартуға орналастарса, онда осындай жақсартылған жерден алынатын рента бастапқы рентадан және оны жалдау ақысынан тұрады [2, 266-227 бб.].

Либералды бағыт өкілдерінде жердің жеке меншік мәселесі талас туғызбайтын деңгейде.

Жерді капитал және оның алдағы уақытта жеке меншікке айналуын қолдаушыларды елімізде кезігеді. Бұл тараптың да өзіндік ұстанымдарын жоғарыдағы либералдар мен капиталистік қатынастарға негіздейді.

Жерді жалға беру мәселесіне тоқталып өтсек. Жерді екінші біреуге жалға беру кезінде де жер дауы орын алады.

Хендрей (Генрих) Карлович Шторхтың «Саяси экономия курсы немесе халық игілігіне себепші болатын бастауларды баяндау» атты еңбегінде жерді жалға беру кезінде жер жауы орын алмау үшін келісім шарт мәселесіне тоқталады.

Жер мүлкін жақсарту әрқашан иесінің есебінен жүргізілмейді, кейде мұны жалға алушы өз қаражатына жасайды. Мұндай жағдайда иесі келісім-шартпен шектелген уақыт ұзартылғанда ғана алатын жалдау ақысының бұл капиталы, осы мерзім өткен бойда да бұл капитал алып кетілмейтіндіктен, иесінің пайдасына қалады; иесі осы кезден бастап, алдағы уақытқа шығын жұмсамай-ақ, одан жалдау ақысын ала бастайды, өйткені рента мөлшерлес арттырылады.

Фермер, демек, олар келісім-шарт ұзақтығы жақсартулардан болатын тиімділіктің осы шығындарға жұмсалатын пайызымен бірге, ол келтіретін шығындарды алда өтеуі болатын жағдайлардан басқа, өздері келісім-шарт бойынша келіскен уақыт ішінде тек осындай жақсартуларды ғана жүргізуі тиіс.

Жерді жақсарту үшін ұзартылатын келісім-шарттардан болатын тиімділік осыған қатысты. Олардың беріктігінің, яғни сенімділігінің пайдасы кем болмайды, мұны жалға алушы шарттың аяқталуына дейін пайдалана береді.

Заңдар және белгілі бір жағдайларда, мысалы, сату кезінде келісім-шарттың күшін жоюға жол беретін әдет-ғұрыптар, керісінше, жер өңдеуге өте зиян келтіреді, жалға алушының үнемі қауіпте болатын кезде қандай да бір жақсарту жасауға батылу бармайды, оның мұрагері оның жаңалықтарын, оның еңбегін және шығындарын пайдаланады; жақсартылған жер тіпті қауіпті ұлғайтады, өйткені едәуір жақсартылған жер кез келген басқа біреуге оңай сатылады [2, 267 б.].

Қазақстандағы қазіргі таңдағы жер дауында жерді жалға беру немесе пайдалануға уақытша беруде жоғарыда келтірілген мәселелер бар. Жерді пайдалану өзге беру кезінде аталған жер телімін құнарлы қайта қалпына келтіру немесе арттыру жұмыстарына қаржы және қайрат-жігерді қажет етеді. Алайда бұл жұмыстар жүргізілгеннен кейін жерді иеленуші жерін мерзімінен бұрын қайтарып алу фактілері кездеседі. Қазақстанның жер туралы заңнамасына сай жерді тікелей жалға беру тетігі қарастырылмаған. Соған сәйкес екеуара уағда негізінде жүзеге асады.

Себебі, жерді шаруа мемлекеттен 49 жылға жалға алады. Алайда оны екінші біреуге бере алмайды. Нәтижесінде екеуара уағда тұрғысынан жүзеге асады. Бұл өз кезегінде жер дауы бойынша дауға түрткі етеді. Яғни, бұл тұста жерге жеке меншік мәселесі туындайды. Алайда Қазақстан шындығында оның өзі жер дауын күшейтуі мүмкін. Оған түрлі тарихи себептер мен орын алған жағдайлар бар. Бұл турасында аладағы беттерде қарастырамыз.

Еуропа елдерінде жерге жеке меншік қатынастары енуімен бірге, оны жалға беру жағыда ертеден жолға қойылған. Бұл турасында Әлихан Бөкейханның «Судия Берлинде тағы» мақаласында айтады.

Берлин – Германия (неміс жұрты) патшасы тұратын қала. Осы күнгі Германия патшасы Вилгелім [Вильгельм] II-нші – жүйрік шешен, жазушы, суретші, әншіл, аңғырт. Аттап өтіп, аса басып кететін мінезді кінәсін мойнына салса, қалпақтай ұшып, кешірім сұрайды. «Ер қыз мінезді, бала жүректі» деген сөз осы Вилгелім туралы айтылған болады.

Өткен январь басында шаруа советінде Вилгелім өз шаруасын өзі мақтап жиылыс алдына тартты. Бұл патшаның өз жерінде салған бидайы жұртта жоқ екен, патша сиырының сүті төтенше майлы екен, пайдасыз бос жатқан батпақ сазды патша арық қаздырып, су ағызып, жақсы пішендік қылған екен. Сонымен патшаның сиыры екі есе болған екен. Сөз ақырында, еті қызып бусанған көк, арендаторым жаман, шаруа білмейтін болған соң құдым деп, бір жазықсыз адамды жұрт алдында жамандап масқара қылды. Соут деген бір неміс жерін 15 жылға арендаға алған еді. Әлгі Вилгелімнің жамандағаны осы кісі. Вилгелім менің жерімнен шық деді, менің әлде болса бес жыл отыратын уәдем бар, онан бұрын көшпеймін деп, Соуст Берлин судиясына арыз берді.

Судья екі жағын сұрап тексеріп, билік етті: Соуст тағы 5 жыл Вилгелім патшаның жерінде отырсын деп. Бұл судияның билігін бұзам деп патша малайлары немістің палата, сенатына барып еді, бұлар тағы судияның билігі дұрыс, сол билік бекілсін деді. «Соуст көршілері, қанша білікті адамдар, патшаны қасында жүрген ақылшылары адастырды, бұлай болмаса, біздің патша – Вилгелім өзін-өзі орынсыз мақтап, жазықсыз адамды жамандап сөйлемес еді деп, газетаға басты: Вилгелім патшанның бидайы шаруа қылған жұрттың бәрінде де бар, сиырының сүті кәдімгі сүт, Соуст шаруаны жақсы білетін адам, бұл туралы патша адасты деп.

Жұрттың бұл сөзі Вилгелім патшаның құлағына түскен соң, Соусттен кешірім сұрап аяғына жығылды, сотқа барғандығы шығын деп 120 мың маркі (1 марка – 47 тиын) Соустқа ақша төледі. «Ер жігіт қыз мінезді, бала жүректі» деген осы [3, 142 б.].

Әлихан Бөкейханның мақаласында Сот билігінің дербестігі мәселесін басты мысал еткен. Бұл мақаладан жерді жалға беру, оған жасалатын келісім-шарт және де аталған келісім-шарт негізінде тараптардың құқықтық қорғалуы айқындалады. Сот билігі жер дауын шешудегі бірден бір институт.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жер қоғамдық меншік ретінде қаралды.

Кейін жерге деген жеке меншік мәселесі қозғала түсті. Бұл кезең шамамен ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында тән еді. Ақпан төңкерісі тұсында жер дауының ушығуы артқан кезде кейбір саяси партиялар мен топтар бұл мәселені тиімді пайдалана біле отырып, оны саяси құралға айналдыра білді. Солардың бірі коммунистер еді. Большевиктер: «зауыт, фабрикалар жұмысшыға, жер шаруаға, бейбітшілік – бүкіл халыққа» - деген ұранды көтерді, міне, осылай жер саяси құралға айналып шыға келді.

Коммунистер социалистік ағымның радикал бағытының өкілдері. Бұл тұрғыдан алғанда жер мәселесіне қатысты ұстанымдарын қарастырып өтсек. Лениннің еңбектерінде сол кезде жер дауын шешудегі ұсыныстар айтылады.

...бүкіл орыс жер иелігі, шаруалық және помещиктік жер иелігі, қауымдық және үй басы жер иелігі, ескі жартылай крепостниктік жағдайлармен әбден былыққан, сондықтан шаруалар рынок жағдайларының тұрғысынан қарағанда жердің бүкіл халық қолына көшуін талап етуге тиіс болды. Бұрынғы аграрлық тұрмыстың шиеленіскен жағдайын национализация ғана шеше алады деседі шаруалар. Олардың көзқарасы буржуазиялық көзқарас: олар жерді теңгерме пайдалануды помещиктердің жердерін тартып алу деп ұғады, бірақ оны жекелеген қожайындарды бір-бірімен теңестіру деп ұқпайды. Национализация дегеннің мәнісі – барлық жерді нақты бөліске салу деген сөз. Бұл нағыз барып тұрған буржуазиялық жоба. Бірде-бір шаруа теңгерме және социализация туралы сөз қозғаған жоқ, барлық жердің қоршауын алу керек, яғни ХХ ғасыр жағдайында шаруашылықты ескіше жүргізу мүмкін емес деді. Стольпиндік реформа одан бері жер мәселесін бұрынғыдан да бетер шатастырды. Шаруалар национализацияны талап еткенде міне осыны айтқысы келеді. Мұның мәнісі – барлық жерді жалпы жаңа бөліске салу деген сөз. Ешқандай әр алуан жер иелену формалары болмауға тиіс. Мұнда тіпті ешқандай социализация жоқ. Шаруалардың бұл талабының теңгермелік деп аталатын себебі – 1905

жылғы жер иелену статистикасының қысқаша қортындысы көрсетіп отырғандай, – 300 шаруа семьясына және бір помещиктік семьясына 200 десятина жерден келеді, бұл мағынада алғанда ол, әрине, теңгермелік, бірақ бұдан барлық ұсақ шаруашылықтарды өзара теңгеру деген қортынды шықпайды [4, 171 б.].

...біздің айтатынымыз: помещиктік жер иелігі – шаруаларды тұншықтырып отыр, оны мешеу етіп отырған езгінің негізі. Мәселе шаруалардың жердің аздығында немесе жоқтығында емес; крепостниктік тәртіп жойылсын – шаруалардың қаншама жері бар және оны қандай норма бойынша бөліп беру керек деп пайымдайтын чиновниктердің тұрғысынан емес, революциялық тап күресінің тұрғысынан мәселенің қойылысы міне осындай. 2 және 3-пунктердің орындарын ауыстырып қоюды ұсынамын, өйткені біз үшін маңызды – революциялық бастама, ал заң оның нәтижесі болуға тиіс. Егер сіздер заңның жазылуын күтіп, өздеріңіз революциялық жігерлеріңізді сала қимылдамасаңыздар, онда сіздерде заң да, жер де болмайды.

Национализация орасан зор чиновниктік аппаратты керек етеді деп, национализацияға өте жиі қарсы шығушылар бар. Бұл дұрыс, бірақ мемлекет меншігі дегеніміз – шаруа атаулының бәрі де мемлекет жерін арендаушы деген сөз ғой. Аренданы басқа біреуге беруге тыйым салынған. Бірақ шаруаның қандай мөлшерде арендалайтынын, оның қандай жерді алатынын – мұның бәрін бюрократиялық орган емес, тиісті демократиялық орган шешеді [4, 172 б.].

Жұртқа мәлім, ұсақ буржуазиялық қорғампаз партиялар жер мәселесін Құрылай жиналысына дейін күте тұруды жақтап отыр. Біз барынша ұйымдасқан жағдайда жердің дереу шаруалардың қолына көшуін жақтаймыз. Біз анархиялық жолмен басып алушылыққа мүлде қарсымыз. Сіздер шаруаларға помещиктермен келісімге келуді ұсынып отырсыздар. Ал біз: адам айтқысыз шапшаңдықпен төніп келе жатқан апаттан елді құтқару үшін, нансыз қалмау жолында күресу үшін жерді қазірден бастап

алып, оған егін егу қажет дейміз. Қазір қай кезде немесе аренда жөнінде помещниктермен келісім жасасуға шақырып отырған Шингарев пен кадеттердің рецептерін қабылдауға болмайды. Шаруалар жерді аренда ақысының төрттен бірін ғана төлеп отыр [4, 172-173 бб.].

Жерді национализациялау, буржуазиялық шара бола тұрып, тап күресінің капиталистік қоғамдағы анағұрылым мүмкін және ықтимал бостандығын көрсетеді, жерді пайдалану ісінің буржуазиялық емес шылаулардың бәрінен арылуын көрсетеді. Оның үстіне жерді национализациялау, жерге жеке меншікті жою болғандықтан, жалпы барлық өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктенушілікке іс жүзінде өте күшті соққы болып тиетіндігі соншалық – пролетариат партиясы бұл сияқты қайта құрылысқа керек жәрдемнің бәрін де көрсетуі керек [4, 178 б.].

Помещниктік жер иелігін қирату, жою неғұрылым батыл, дәйекті жүретін болса, жалпы алғанда Россиядағы буржуазиялық-демократиялық аграрлық қайта құрылыс неғұрылым батыл, дәйекті жүретін болса, ауыл шаруашылығы пролетариатының ауқатты шаруаларға (шаруа буржуазиясына) қарсы жүргізетін тап күресі де соғұрылым зор күш алып, шапшаң дами түсетін болады [4, 178 б.].

Лениннің жер мәселесін шешудегі «национализациялау» көзқарасынан үш түрлі ұстанымды байқаймыз. Ең алғашында аталған мәселені буржуазиялық деп қарайды, оған қарсылық танытады. Тағы бірде, онымен ымыра-ласуды байқаймыз. Үшінші жолында буржуазиялық жоба болса да оны өз ыңғайына пайдалануды жөн көреді. Жоғарыда айтқанымыздай жер дауын коммунистер сол кезде саяси құралға айналдыра білгенін Ленин еңбектерінде де көрінеді.

Ленин жер дауын шешу үшін келесідей шешімдерді партияластарымен бірге шығарады.

Осындай таптық жағдайды және күштердің арасалмағын еске ала келіп, конференция қаулы етеді:

1) Пролетариат партиясы Россиядағы барлық помещниктік жерді (сонымен

қатар уделдік, шіркеулік, кабинеттік және т.б. жерлерді де) дереу және толық конфискулеу үшін бар күшін салып күреседі [4, 178-179 бб.].

3) Пролетариат партиясы мемлекет ішіндегі барлық жердің национализациялануын талап етеді; национализация, барлық жерді меншіктену провасын мемлекет қолына беру бола отырып, ол жерді билеу провасын жергілікті демократиялық мекемелердің қолына береді [4, 179 б.].

Дәл осы кезде жер мәселесіне байланысты «Алаш» партиясының ұстанымдары жарияланды. Сонымен қатар жоғарыдағы большевиктердің ұстанымдарына қатысты өздерінің көзқарастарында білдірді.

Халел Ғаббасов «Мемлекет күйі» атты мақаласында: «Большевиктер көсемі Лениннің екінші әмірі жер-су, өлі құрал (шиналар), тірі құралымен (өгіз, аттар) жер комитеттері арқылы еңбек құған жұрттарға бөлініп берілсін деген. Бұл үстіміздегі заманда өмір жүзінде орын тебе алмапты. Әдемі ғана құр сөз. Жұрт бірімен-бірі пышақтасар, бірақ бәрін ортаға салып жөншілікпен, бөлісіп алыспас. Түптің түбінде бұл іске асса асар, бірақ осы күнде емес. Жерсудың әділікпен жұртқа бөлініп беру жағын біз де көздейміз. Нәм осы пікірге қызмет қылмақшымыз. Бірақ бір күнде найзаның ұшымен бар қазынаны ортаға салдыруға баспаймыз. Біздің ойымызша ол мақсат өмірдің ағысына лайықты заңдарға тіреліп, ресімге айланып барып, бірте-бірте жақындамақ» - дейді [5].

Жер мәселесіне байланысты жеке меншікке беру немесе бермеу турасында «Сарыарқа» газетіде жарияланған ұстанымдарынан негіз келтірсек.

Біздің қазақ-қырғызды капиталист, буржуй, жұмыскер деп бөлуге болмайды. Бізде Еуропа халықтарындай зауыт-фабрика жоқ. Бізде миллионер-жатыпішер жоқ. Біздің халық ақсүйек-қарасүйек, бай-жұмыскер, жерді-жерсізге бөлінген емес. Қалың қазақ-қырғыздың тіршілігі, шаруасы – мал бағу. Қазақ жері бұрыннан да жеке адамның еншісі болып бөлінген емес, мемлекет мүлкі болып саналатын. Мұнан кейін де жер ортақ болды. Жер

еншіге бөлінсін деп жүрген ешкім жоқ, - дейді [5].

«Алаш» партиясының бағдарламасын «Жер мәселе» тарауында жер дауын реттеудің жолдары мен бағыт бағдарын ұсынады.

«Сарыарқа» газетінде «Алаш партиясы» атты мақалада жер мәселесіне байланысты бағдарламасын ұсынады.

1. Жерді мүлкі біліп, иелену қалып, жалпы жұрт меншіктеуге тапсыру.

2. Жер үлеске түскенде әуелі тұрғын жұрттың керегін беріп, риза қылу. Үлес жергілікті жер мекемелерінің шаруа түріне (малға, егінге) лайықтап шығарған мөлшерімен учредительное собрание құрған негізге тіреліп берілу.

3. Жер билігі жергілікті мекемелерде (облосной, үйезный, земство жер комитеттерінде) болу.

4. Қазақ осы күні қай жерде отырса, содан жер алу. Қазаққа жер берілгенде әлеуметке (ру, ауыл, болысқа) деп беру. Әлеумет ішінде жерді тең пайдалану [б, 236 б.].

Тарихшы және саясаттанушыларымыз «Алаш либералды-демокартиялық қозғалысы» дейді. Яғни, либералды ағымның өкілдері. Алайда классикалық либералды ағым өкілдерінен жер мәселесінде ерекшелігін байқаймыз. Жердің мәртебесіне байланысты жеке меншік ұстанымын либералды классикалық бағыт өкілдері қолдайды. Ал Алаш либералды-демократиялық бағытқа жатқанымен жерді мемлекеттік және қауымдық меншік формасын жақтайды. Либералды ағым түрлі елдерге таралу барысында түрлі деңгейдегі өзгерістерге ұшырады. Мысалы, орталық Еуропа елдерінде ұлттық-либерал бағыт пайда болды. Классикалық либералдар оңшылдық ұстанымды ұстанса, алаш белгілі бір деңгейде центристтік бағытты ұстанды. Екіншіден, жергілікті жағдайдың шыңдығымен есептесуді де дұрыс көрді.

Алаш либералды-демократиялық өкілдерінің классикалық либерал ағымнан ерекшеленуінің тағы бір себебі отарлықты бастан өткізіп жатқан елдерге тән жәйт еді. Либералды бағытта, социалистік бағытта отарлықты бастан өткізген немесе енді тәуелсіздікке

қол жеткізген елдерде түрлі деңгейдегі өзгерістерге ұшырады.

Отарлықты бастан өткізген елдерде постколониализм сияқты ағымдардың пайда болуына өз ықпалын тигізді. Яғни, постколониализмнің пайда болуында заңдылық еді.

Постколониализмнің пайда болуына да байланысты түрлі көзқарастар бар. Қазақстан жағдайында постколониализм екі түрлі кезеңді бастан өткізген. Бірінші кезең 1917 жылы ақпан және қазан төңкерісінен кейінгі уақыт. 1920 жылы кеңестік нұсқада автономия алуымызды кейбір қайраткерлер дербестік, жеке ел және отарлықтан құтылу ретінде ұғынған. Дәл осы кезде ғылыми әдебиетте постколониализм сарыны байқалады.

Постколониализм ағымының тұтастай қалыптасуы кезеңі 1960 жж. тұсына келеді. Ал енді 20 жж. тұсында біздің елде постколониализм көзқарастарының қалыптасуына түрлі алғышарттардың бірі жоғарыда айтылған автономияның алуы еді. Бұл пікірімізді Телжан Шонанұлының «Қазақ жер мәселесінің тарихы» еңбегі негізінде қарастырып өтсек.

...мекен теуіп, жаңа қоныстың игілін көре бастаған адамдарды Еуропа тілінде «колонист» дейді, қазақша «келісмек» деп айтылады. Отаршылар орнаған, орнап жатқан қонысты еуропаша «колония» дейді, қазақша – «отар». Ағып келе жатқан судың тасқынына бөгет, кесе соқса, ағын тоқтамас, иә ағыстың күшімен бөгетті бұзып, су өзінің тоқтарлық жеріне барып тыншымақ. Бөгет бұзуға су да күш жұмсайды. Осы сықылды отаршылдардың да алдында тұрған ел бөгет болып, қарсы тұрмақ. Тұрғын елді бүктемеді қалдырып, отар жерді жем қылуға отаршылдар күш жұмсайды. Күшке қосып, еп те жүргізбек. Отаршылдардың тұтынатын ебі мен көшін еуропаша «колонизаторство» дейді, қазақша «отаршылдық» деп айтады. Орыс үкіметіне, орыс жұртына қазақ жері оның қол астына кіргеннен бастап «колония» - отаршылдық деп айтады. Орыс үкіметіне, орыс жұртына қазақ жері оның қол астына кіргеннен бастап «колония» - отар болып келген. Отаршылдардың көшу, қону һәм жаңа орнығу ретін ғылым тілінде

«колонизация» дейді, қазақша «отарлау» дейміз.

Қазақ жерін орыс халқының отарлауы екі түрлі болды, бірі – орыс жұртының өз бетінше, ешкімнен сұрамай отарлауы (вольная колонизация). Екіншісі – ресми отарлауы (правительственная колониизация).

Орыс ішінде түрлі саяси, діни һәм шаруашылық жағынан қорлық, зорлық, қысымшылық, кемшілік көргендер шым-шымдап қашып шығып, қазақ жерін иемденген. Қала берді, қазақтың аңқаулығын сүйеніп, жерінің байлығын пайдаланғысы келген саудагерлер, талапкерлер де Ресейден шығып, қазақ жерін отарлай бастаған. Міне, осыны орыс халқының өз бетінше отарлауы деп атайды. Бұлайша ешкімнен сұрамай отарлау қазақ орыстың қол астына қараған кезден-ақ басталады [7, 63-64 бб.].

Ресми отарлау дегеніміз – үкіметтің рұқсатымен үкімет көрсеткен жерді меншіктеп отарлау. Бұл түрлі отаршылдық та қазақ орыстың қол астына кірген мезгілден басталады. Бұл күнде Кеңес үкіметі отаршылдық жолы жойылсын деп отыр. Сырттан переселеніні (отарлаудың бір түрі, баяғы республикаларды жабу иә ашу мәселесін НЦИК-тің билігіне қалдырып отыр (Жер кодексінің 223-бабы). Қазақ жерін көп талаған, қазақ шаруасына көп кесірі тиген – ресми отарлау. Сол үшін әңгімеміздің кіндігі ресми кіндігі ресми отарлау жайында болады [7, 64 б.].

Қазақ жеріне ресми жолмен мұжықты отарға айдау өткен ғасырдың 80-жылдарының соңы – 90-жылдарының басынан майдайға айқындалып шығады деп жоғарыда айттық. Бұл дәуірге шейін үкімет қазақ жерін атты қазақтар һәм түрлі қызметтегі адамдар үшін талап, телімге салып келді дедік. Ол таланған жерлерді бастан-аяққа қарамастан бұрын, сол талаудың тамыры қайдан шыққан, себебі не, соны оқушылардың зейініне ұсынып өтпекшіміз. Үкіметтің қазақ жерін атты казактардың пайдасына телімге салуының зор шаруашылық, еуропаша ғылым тілімен, айтқанда, экономикалық себептер болды [7, 63 б.].

Жер дауы туындауында оның мәр-

тебесіне байланысты жағын айттық. Мысалы, жер либералдар үшін капитал мен жеке меншік, социалистік көзқарастарда ортақ ұжымдық меншік. Ал постколониализм бағытындағыларда жер дауы отарлаушылар тарабынан туындады және ұжымдық меншік деген ұстанымнан бөлек жерді құндылық ретінде қарау. Жерді құндылық және қасиетті нәрсе ретінде қарау бағыты да бар. Біз мұны Телжан Шонанұлының еңбегінен кезіктіреміз.

Біз түсіндірмей-ақ қазақ жердің қадірін аса жақсы біледі. Оны тарихи тұрмыстың тоқпағы үйреткен. Жер шаруаға қандай әсер беретінін, қандай жерде қандай шаруашылық қылу керектігін шаруа әдемі түсінеді. «Жер – анасы, мал – аузымен: «Жайық бойы – жайлы қиян, Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян», - дейді. «Көк Есілден кеткен соң, айтақыр, алалы жылқы жусап тұр», - дейді. «Ащының бойы айтақыр, алалы жылқы жусап тұр», «Шыбышым лақ салмаған, жер өрнегін қарасаң, көдесінің түбі сайын бір жылқы», - дейді. Бұл – жердің шаруа жайлылығы жайлы қазақтың көзқарасы. Жерсіз жарық тұрмыстың жоқтығын, «Маңғыстаудың шаңды қияны» тәрізді жерлер қонысқа тұлға болмайтының қазақ жақсы біледі. Жерден айырыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айырылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады. Қазақтың бір себептермен шаруаға тәуір қоныстан айырылғанда айтқан өлеңдері өлікті жоқтаған жырауларымен бірдей. Кенесары қоныстан аурда Досқожа ақын былай толғайды:

Мына жатқан сарғайып,

Салынды қопа, қамысым.

Салық ауылы қыстаған

Іргем тиген танысым.

Бұл қоныстан кеткен соң

Көбеймес пе екен налысым?..

Артымда қалып барарсың,

Бастары самал тауларым

Арасы биік бауларым! - дейді [7, 60-61 бб.].

«Жер ана» деп қарау ертеден келе жатқан ұғым және қалыптасқан құндылық екенін байқаймыз. Яғни,

әрбір көзқарастың өз шыңдығымен, заңдылықтары мен тарихи тұрғыдағы практикалық жағы да бар.

Қорытынды

Жер дауы мәселесін қарастырғанда көбіне екі тараптың арасындағы конфликт ретінде қарау бар. Жоғарыдағы түрлі ағымдардың көзқарастарынан байқағанымыз жер дауының бастауларының біріне түрлі ұстанымдардың әсерінің барын байқаймыз. Әрбір ағым өкілдерінің өз шыңдығы бар. Оны өзіндік тұрғыдан дәлелдеуге тырысады. Алайда Қазақстандағы жер дауының шешуде бүгінгі таңда ағымдардың көзқарастарына қарағанда көбіне тұрмыстық тұрғыдан қарау басым. Мұның өзі жер дауының нақты мәртебесін анықтауда кері әсерін тигізеді.

Сондықтанда жер дауын шешу мәселесінде түрлі саяси-философиялық ағымдардың көзқарастарының бүгінгі таңдағы менталды әсеріне тоқталған дұрыс. Себебі, жер дауы кезінде әрбір тарап белгілі бір ұстанымдарды алға тартады. Аталған ұстанымдарға жер дауын шешуде кең сараптама жасау негізінде белігі бір деңгейде оның түпкі мәнін білуімізге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Монтескье Ш. Заңдар рухы туралы. Ауд. А. Құлсариева. – Алматы, Үш Қиян, 2004. - 784 б.

2 Экономика. Әлемдік классика. 10 томдық. 2-том: Меркантилистік, физократтық және классикалық ағымдар / Жетекшісі М.Б. Кенжегозин. – Алматы, Таймас, 2006. – 440 б.

3 Шығармалар – Соченения / Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас. – Астана, Сарыарқа, 2016. – қазақша, орысша. 8.Т. –

2016. – 660 б.

4 Ленин В.И. Таңдамалы шығармалар: 10 томдық / Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленизм ин-тының филиалы. – Алматы: Қазақстан, 7-том. Март-октябрь, 1917. – 1991. – 736 б.

5 Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы, Өнер, 2011. 10-кітап: Сарыарқа. – 360 б.

6 Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы, Өнер, 2011. 9-кітап: Сарыарқа. – 320 б.

7 Экономика. Әлемдік классика. 10 томдық. 10-том. Қазақстанда экономикалық ойдың дамуы. – Алматы, Таймас, 2005. – 512 б.

Transliteration

1 Monteske Sh. Zandar ruhi turali [The Spirit of the Laws]. Aud. A. Qulsariev. – Almaty, Ush Qiyan, 2004. - 784 b. [in Kaz]

2 Ekonomika. Alemdik klassika. 10 tomdik. 2-tom Merkantilistik-fizokratting jane klassikalig agimdar [Economics. World classics. 10 volumes. Volume 2: Mercantilist, physocratic and classical currents] / Jetekshisi M.B. Kenjegovin. – Almaty Taimas, 2006. – 440 b. [in Kaz]

3 Shigarmalar – Socheneniya / Alihan Bokeihan [Composition]. – Toliqt. ekinshi bas. – Astana, Sariaqqa.- 2016. – qazaqsha, orissha. 8.T. – 2016. – 660 b. [in Kaz]

4 Lenin V.I. Tandamali shigarmalar [Selected works]: 10 tomdik / Qazaqstan KP Ortaliq Komiteti janindagi Marksizm-lenizm in-tiniñ filiali. – Almaty, Qazaqstan, 7-tom. Mart-oktyabr - 1917. – 1991. – 736 b. [in Kaz]

5 Alash kosemsozi [Alash leader]: 10 tomdik. – Almaty, «Oner, 2011. 10-kitap: Sariaqqa. – 360 b. [in Kaz]

6 Alash kosemsozi [Alash leader]: 10 tomdik. – Almaty, Oner, 2011. 9-kitap: Saryarqa. – 320 b. [in Kaz]

7 Ekonomika. Alemdik klassika. 10 tomdik. 10-tom. Qazaqstanda ekonomikalig oidin damuy [Development of Economic Thought in Kazakhstan]. – Almaty, Taimas. – 2006. – 512 b. [in Kaz]

АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Ruslan Muxanbetkaliuly Axmaganbetov PhD докторант, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Ruslan Muxanbetkaliuly Axmaganbetov PhD докторант, старший преподаватель, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ruslan Akhmaganbetov PhD student, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan